

Хаттама № _____ « _____ » _____ 2011 ж.
Кафедра меңгерушісі: Темиргалиев К.А

Қарағанды Мемлекеттік Медицина Университеті
Қазақстан тарихы және әлеуметтік – саяси пәндер кафедрасы

Д Ә Р І С

Тақырыбы: «Болмыс философиясы»

Мамандығы: «5В130100 – Жалпы медицина»

Пән: «Философия»

Курс: 2

Уақыт (ұзақтығы) : 1сағат (50 минут)

Қарағанды – 2011 ж.

Аға оқытушы: Нұрмаханова Н.Ж

- **ТАҚЫРЫБЫ : « БОЛМЫС ФИЛОСОФИЯСЫ »**
- **МАҚСАТЫ : СТУДЕНТТЕРДІ БОЛМЫС МӘСЕЛЕСІМЕН ТАНЫСТЫРУ , СОНДАЙ-АҚ ОНТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТИПТЕРІНЕ БОЛМЫС ЖӘНЕ БОЛМЫС ЕМЕС МӘСЕЛЕЛЕРГЕ НАЗАР АУДАРУ . ТАҚЫРЫПТЫ СТУДЕНТТЕРДІҢ КӘСІПТІК ҚЫЗМЕТІМЕН БАЙЛАНЫСТЫРУ**
- **ДЕРІС ЖОСПАРЫ**
- «АДАМ –ДҮНИЕ » ҚАТЫНАСЫ БОЛМЫС ҚҰРАМЫНДАҒЫ ІРГЕЛІ ҚАТЫНАС РЕТІНДЕ .
- ОНТОЛОГИЯ БОЛМЫС ТУРАЛЫ ІЛІМ РЕТІНДЕ ,ОНТОЛОГИЯ МӘСЕЛЕЛЕРІ
- ОНТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТИПТЕРІ. БОЛМЫС ЖӘНЕ БОЛМЫС ЕМЕС МӘСЕЛЕСІ
- БОЛМЫС АДАМ БОЛМЫСЫ ХАҚЫНДА ,АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ ЗАТТАР ДҮНИЕСІНЕН ПРИНЦІПТІ АЙЫРМАШЫЛЫҒЫ

Болмыс дегеніміз-

дүниеде өмір сүретіннің бәрі :
материалдық заттар да,
құбылыстар мен процестер де ,
қатынастар мен байланыстар
да, яғни бәрі бәрі.

«Болмыс » категориясын
философияға тұңғыш
енгізгендердің бірі ертедегі
Греция философы Парменид
болды.

Болмыстың негізгі формалары:

- **Заттар процестер болмысы** ,ал бұлардың өзі біртұтас табиғат болмысы және адамның қолымен жасалған заттар мен процестер болмысы болып екіге бөлінеді .
- **Адам болмысы** , бұл да заттар дүниесіндегі адам болмысы және таза адамдық болмыс болып бөлінеді .
- **Рухани болмыс** бұл жеке адамның рухани болмысы және объективтендірілген рухани болмыс болып жіктелінеді .
- **Әлеуметтік болмыс**, бұл жеке адам болмысы мен қоғамдық болмыстан тұрады .

Болмыс

материалдық

идеалдылық

“Бірінші
табиғат”

“Екінші
табиғат”

Адам
болмысы

Субъективтік
рух

Объективтік
рух

Әлеуметтік
болмыс

Субстанция-

дүниедегі барлық
нәрселердің бастапқы
мәнінің пайда болу негізін
түсіндіреді.

«Болмыс» – болу деген сөзден шыққан. Бүкіл болып тұрған дүниені оның заттарын , қалпын , құбылысын бейнелейді . Философияда болмыс ұғымы ең алғаш дара ұғым . Гегель болмысының мазмұны өте кедей және дара деп айтқан , оның негізгі белгісі бір нәрсенің болып тұрғанын көрсетеді , бұл сөздің қарама-қарсы тұрған анықтамасы болмайтындықтан , бұл нәрсенің жоқтығын көрсететін сөз .

Сапасына қарай болмыстың бірнеше түрін ажыратамыз :

- Табиғаттың болмысы
- Адам болмысы
- Идеалды , рухани нәрсенің
болмысы
- Қоғамдық болмыс

Рухани болмыс екіге бөлінеді:

- **индивидуальдық** – жеке адаммен байланысты болмыс , Бұл адамның сезімі , ойы , өнер, дін және ғылым саласында іс-әрекеттері
- **объективтіленген рухани болмыс** – бұл адамнан тыс өмір сүретін кітаптар , ғылыми жаңалықтар , өнердің шығармалары .

Қоғамдық болмыс –

қоғамның материалдық өмірі біріншіден бүкіл адамның өндіріс саласындағы іс – әрекеттері , екіншіден - бұл мемлекеттік өмір саясат және әр түрлі әлеуметтік арақатынастар.

Адам болмысы

философия үшін өте маңызды мәселе, өйткені негізінде философия жақтан адам мәселесімен айналысады және басқа ғылымдар үшін белгілі дүние танымдылық методологиялық тұрғыны ұсынады.

Ең алғаш философиялық ілім көне грек «**Аристотельмен**» байланысты. Аристотельдің айтуынша: адам – саяси жануар. Философия тарихында адам туралы көзқарастар өзгеріп тұрады. Кейін тарихшылар адам туралы көзқарасты антропосоциогенезбен байланысты материалмен байланыстырады .

Адамның негізгі алғышарттары:

- оның биологиялық белгілерін қамтиды.
- оның әлеуметтік белгілерін қамтиды.

Адамның биологиялық алғышарты (Археологтардың айтуынша):

- Арқаны көтеріп жүру денені тік ұстау
- Қолдың еңбек ету құралы ретінде қалыптасуы
- Бас мидың пайда болуы

Әлеуметтік алғышарттар:

- Еңбек ету үшін құралдарды жасап шығару
- Жақын туыстардың арасындағы жыныстық қатынастарға тиым салу
- Тіл арқылы бірін бірі түсіну
- Коллективті түрде еңбек ету
- Сананың пайда болуы

Дүниенің бірлігі туралы ілім – оның материалдылығында. Материя сөзі (materia – зат, материал) деген мағына береді. Материяның анықтамасын берген **Гольбах** болатын. Ол өзінің “Табиғат жүйесі” деген еңбегінде адамның сезім мүшелеріне әсер ететін заттарды атап көрсеткен. Бұл анықтаманы дамытқан **В.И. Ленин** болатын. Өзінің “Материализм және эмпириокритицизм” еңбегінде материяның жан – жақты анықтамасын берді.

Материяның лениндік анықтамасы мынадай:

“Материя адамға түйсіктері арқылы берілген,бізге тәуелсіз өмір сүре отырып, біздің түйсіктеріміз арқылы көшірілетін, суреті түсірілетін,бейнеленетін объективті реалдылықты белгілейтін философиялық категория”.

Материяның құрылымы



Материяның құрылымы (зат)

Микроденелер	Элементарлық “бөлшектер”, атомдар, молекулалар, плазма	Ақуыз денелер, нуклеиндік қышылдар,	
Макроденелер	Газтәріздес, сұйық, қатты	Бір жасушалы денелер, көп жасушалы денелер, өсімдіктер, тірі организмдер, биосфера	Адамдар. Қоғам. Әлеуметтік сфера. Техносфера. Жасанды табиғат. Ноосфера
Мегаденелер	Жер- геосфера. Аспан денелері, жұлдыздар, галактикалар.		
Мегаденелер жүйесі	Мегагалактика		

Осы анықтамадан материяның онтологиялық мәнін түсінуге болады: материя жалғыз субстанция, өзінің себебі, ол жаратылмайды және жойылмайды, оның қасиеттері:

Қозғалыс

Кеңістік

Уақыт

Жүйелілік

Өзін – өзі ұйымдастыру

Сана (адамға ғана тән қасиет)


Материяның басты қасиеті – қозғалыс.

Материясыз қозғалыс, қозғалыссыз материя жоқ. Болу деген қозғалыста болу дегенді білдіреді. Қозғалысты кез-келген өзгеріс деп түсіндіруге болады, ол материяның сыртқы емес, ішкі, ажырамас қасиеті, ол объективті, мәңгілік және абсолютті. Сонымен қатар, қозғалыс салыстырмалы, себебі ол өзгеріп отыратын, әрбіреуі өзіндік маңызға ие нақты формалар арқылы көрініс табады.

Ф.Энгельс XIX ғасырда алғаш рет материя қозғалысының түрлеріне жіктелу жасады.

Олар:

- ❖ Механикалық
- ❖ Физикалық
- ❖ Химиялық
- ❖ Биологиялық
- ❖ Әлеуметтік



Кеңістік пен уақыт –материяның маңызды атрибуттары

Кеңістік — материя болмысының объективті жалпы,заңды формасы,ол әртүрлі жүйелердің көлемге ие екенін, өзара орналасқандығын, құрылымдылығын және бірге өмір сүретіндігін сипаттайды

Реалды кеңістік тіршілік етушілерді іс жүзінде бөлудің, сонымен қатар біріктірудің тұрақты көрсеткіші. Ол үшін өлшемді, кез—келген кеңістік қатынастар 3 өлшем **координаталар (ұзындық, ені, биіктік)** арқылы сипатталады. Салыстырмалық теория 4 өлшемділікті қолданады. **Уақыт** — әртүрлі жүйелердің жағдайларының созылғандығын, ретпен жүруін сипаттайды, материя болмысының объективті, жалпы және заңды формасы.

Кеңістік пен уақыт – материяның өмір сүру формалары

Кеңістік – материялық объектілердің қатар өмір сүруін және олардың өзара орналасуын білдіреді

- Кеңістік:
- Үш өлшемі бар
- Бір түсті
- Жан-жақты қамтиды

Уақыт – қозғалыстың формалары мен құрамды бөліктерінің (не элементтерінің) бірінен-бірі туындап ұласу формасы

- Уақыт:
- Бір өлшемді
- Уақыттың ағымы өткеннен қазіргі арқылы келешекке бағытталған
- Қайта оралмайды немесе кері жүрмейді

Сана

Сана мәселесі философиядағы басты және күрделі, түсіндіруге қиын мәселелердің бірі, себебі сананы көру, өлшеу, сезім мүшелері арқылы қабылдау мүмкін емес, бірақ сана адамның жануарлар дүниесінен ерекшелігін көрсететін факторлардың бірі, сана арқылы адам мен оны қоршаған ортаның арасындағы байланыс жүзеге асырылатыны күмәнсіз.

Сананы түсінудегі әртүрлі көзқарастарды біріктіріп, екі үлкен топқа бөлуге болады:

- 1. *Материалистік*** - сананы материяның дамуында пайда болатын табиғи қасиеті деп түсіну.
- 2. *Идеалистік*** – сананы материяға жат, одан алғашқы, жаратылыстан тыс пайда болатын рухани субстанция деп ұғыну.

Жаратылыстану ғылымдарының дамуының нақты жетістіктері сананың мәні, генезисі туралы сауалдарға жауап берді деп айтуға болады. Түйіндеп айтсақ, сана туралы ғылыми көзқарас мынадай: сана ерекше түрде ұйымдасқан материяға – адам миына ғана тән қасиет. Оның дәлелі ретінде адамның миы зақымдалғанда оның ойлау, психикалық қызметі бұзылатынын айтсақ жеткілікті.

Сананың табиғаты қоғамдық, яғни ол тарихи эволюция нәтижесінде қоғамда қалыптасты және сананың дамуы қоғамдық ортада ғана мүмкін болмақ. Сананың қалыптасуының алғышарты ретінде **еңбекті** атауға болады. Еңбектің арқасында адам өзінің күнделікті өмір сүруіне және табиғаттың дүлей күштерінен қорғануға қажетті нәрселерді жасады. Еңбектің дамуы қоғамда өмір сүріп отырған адамдарды жақындатты, олардың бір-біріне бірдеңе айту қажеттілігі туды, араласу құралы ретінде **тіл** пайда болды. Еңбек пен тіл адамның миын, сезім орталықтарын дамытты, есту, көру, сезу қабілетін күшейтті, санасын қалыптастырды.

Сана сонымен қатар, бейнелеудің жоғарғы формасы. Бейнелеу барлық материя тән қасиет. Объективті өмір сүретін заттар, құбылыстар, процесстер бір-біріне үнемі әсер етіп отырады және белгілі бір дәрежеде өзгерістерге ұшырайды. Әрбір зат, құбылыс өзі әсер еткен нәрседе өзінің “ізін”, бейнесін қалдырады.

Бейнелеудің сатылары:

1. **Қарапайым бейнелеу**-бейнелеудің бұл түрінде субъект объектінің белсенділігін туғызбайды (мысалы, заттың судың немесе айнаның бетінде бейнеленуі).
2. **Информациялық бейнелеу** –бейнеленуші бейнелеушінің бойында белсенді әрекет, өзгерістер жасайды. Мұндай бейнелеу түрі табиғатта да, қоғамда да кездеседі. Мысалы, лекция оқушы ұстаздың студенттің санасында жаңа ойлар оятуы, қарапайым бір клеткалы жануарлар мен өсімдіктердің тітіркенуі.
3. **Әлеуметтік бейнелеу** –Қоғамдық болмыстың жеке және қоғамдық санада, ой-пікір, көзқарас, идея, теорияларда бейнеленуі

Бейнелеудің ең жоғарғы формасы деңгейіне көтерілгенге дейін сана материяның төменгі формаларының эволюциясының сатыларынан өтті. Олар:

1. **Тітіркену** – өсімдіктердің ыстық – суыққа, тәулік уақытына, басқа сыртқы әсерлерге реакциясы.
2. **Сезімталдық** – жануарлар дүниесіне тән. Организм өзіне биологиялық жағынан алғанда қажетті емес, сонымен бірге биологиялық тұрғыдан бейтарап, бірақ онымен қосыла отырып, информацияны қорыту жұмысын күрделендіріп, нерв жүйесінің негізін қалайды.

3. Психикалық бейнелеу – нерв жүйесімен тығыз байланысты. Субъект пен объектінің бір-біріне әсері негізінде психикалық образ қалыптасады, ол нерв клеткаларында сақталып, керек уақытында қажетке асады.

4. Адам санасы – бейнелеудің ең жоғарғы түрі.

Сана

```
graph TD; A[Сана] <--> B[Сананың құрылымы]; A <--> C[Сананың қайнар көзі]; B --> C;
```

Сананың
құрылымы

Сананың
қайнар көзі

Сананың құрылысы

Заттық сана

Өзіндік сана

Сана ұйым ретінде

Сананың қайнар көзі

Табиғат, әлеуметтік, рухани құбылыстар

Әлеуметтік мәдени орта: этикалық, эстетикалық ережелер

Жеке адамның рухани әлемі

Ми-табиғи жүйе ретінде

Ғарыштық информациялық-мағына өріс

Сананың құрылымы өте күрделі, ол мынадай үш бөлімнен тұрады:

- ❑ *Когнитивтік* – ойлау сферасы. Ойлау сферасында ұғымдар, түсініктер пайда болады. Ұғымның екі түрі бар: нақтылы, абстрактілі.
- ❑ *Сезімдік эмоционалдылық сфера* - адамның сезімін бақылап реттеп отырады.
- ❑ *Ерік пен естің сферасы* – сана тұтастай қызмет ету үшін ерік пен естің маңызы зор.

Естің екі түрі бар:

1. Оперативті ес – күнделікті өмірде қайталанып орындалатын ес.
2. Фондылы ес- жылдар бойы жиналатын ес түрі.

Өзіндік сана – адам өзін саналы тіршілік етуші ретінде түсіне білуі.Өзіндік сана рефлексия феноменімен тығыз байланысты.
Рефлексия – тұлғаның өзі туралы ойлануы, ішкі рухани дүниесінің тылсым қатпарларына үңілуі.Адам рефлексиясыз өзінің жанында не болып жатқанын түсіне алмайды.Рефлексия деңгейі әртүрлі болуы мүмкін.Рефлексия жоғары,өзін танып білуге,өзіне сыни көзқарас қалыптастыра білген адам міндетті түрде өзгереді.

Бейсаналық — адам түсінбейтін психикалық құбылыстардың жиынтығы. Оларға биологиялық түрде тұқым қуалау арқылы берілетін инстинктілер, автоматты түрде жасалатын іс — қимылдар, стереотиптері, сезімдік және интеллектуальдік интуиция, түс көрулер, гипнотикалық күйлер және т.б. жатады.

Қоғамдық сана – қоғамның өзін –
өзі, өзінің қоғамдық болмысын
және қоршаған ортаны түйсінуінің
нәтижесінде пайда болатын
қоғамдағы әртүрлі пікірлердің,
теориялардың, идеялардың, діни
сенімдердің жиынтығы.

Қоғамдық сана және жеке сана

Жеке сана мен қоғамдық сананың арақатынасын жеке мен тұтастың арақатынасы ретінде қарастыруға болады. Жеке сана қоғамдық сананың бөлігі, оның құрамында қоғамдық сананың элементтері ылыми да болады. Адам өмірге келгенде қоғамда өзіне дейін қалыптасқан өндірістік қатынастарға, қоғамның экономикалық негізіне ғана емес, рухани мәдениет пен мәдени құндылықтар дүниесіне қадам жасайды. Сондықтан да жеке шектеулерімен санасуға мәжбүр.

- 1) Осы тұрғыдан қарастырғанда қоғамдық сана біршама өзінділікке ие, жеке санадан тәуелсіз, одан жоғары тұрды.
- 2) Сонымен қатар, қоғамдық сана белгісіз бірдеңе емес. Әрбір нақты дәуірдің, әрбір халықтың қоғамдық санасының біршама “тұлғалық”, жекелік сипаты бар. Мысалы, әлемдік философия ғылымының дамуына Сократтың, Аристотельдің, Канттың, Гегельдің, Абайдың қосқан үлестері зор. Яғни, қоғамдық сана мен жеке сана өзара диалектикалық байланыста. Жеке сана қоғамдық сананы байытады, ал жеке сана қоғамдық сананың жетістіктері арқылы жетіліп, дамып отырады.

- 3) Мұндай байланыстың диалектикалық болатын себебі – ол қайшылықты. Жеке сана идеялар өндірісінің маңызды құрылымы бола отырып, кейде оған қарсы да тұрады, дәстүрлерге, үстемдік етіп отырған қоғамдық сананың ережелері мен қағидаларына қарсы әрекет жасайды және дамиды. Осылай болмаса, қоғамдық сананың прогрессивті болуы мүмкін емес, ол тоқырауға ұшырайды.
- 4) Қоғамдық сана мен жеке сананың бірлігі екеуінің де бір объектіні – қоғамдық болмысты бейнелейтіндігінен де көрінеді. Бірақ, мұндай бейнелеу мазмұны жағынан әр түрлі. Әрбір индивид қоғамдық сананы жалпының жекелік, өзіндік ерекшеліктер призмасы арқылы бейнелейді.

- 5) Жеке сана қоғамдық санаға толығымен кірмейді.
- 6) Қоғамдық сана мен жеке сананың арасындағы сәйкестік, үйлесімділік қоғам дамуының анықтаушы факторы болып табылады.

Қоғамдық психология деп – белгілі бір қызмет және басқа да жағдайлар арқылы біріктірілген адамдардың әлеуметтік көңіл-күйлері мен сезімдері, қоғамдық пікірлері, салт-дәстүрлері мен мінез-құлықтары және әлеуметтік әдеттері.

“Қоғамдық психология” терминін ғылыми айналысқа итальяндық марксист **Антони Лабриола** 1896 жылы енгізіп, оны қоғамдық сананың бүкіл мазмұнына кіргізді. Бұл терминнің философиялық әдебиетте кеңінен тарауына орыс ойшылы **Г.Плеханов** үлкен үлес қосты. Ол “қоғамдық сана” терминін “қоғамдық психика” және “таптық идеология” деп бөліп, қоғамның психологиясын зерттеудің маңыздылығын атап көрсетті және онсыз құқық пен саяси мекемелердің тарихын, мәдениеттің, әдебиеттің, философияны сондай-ақ рухани құбылыстардың да тарихын түсіну мүмкін еместігін ескертті. Қазіргі кезеңде қоғамдық психологияны зерттеумен әлеуметтік психология ғылымы айналысады.

Теориялық сана

Теориялық сана – маңызды байланыстар мен заңдылықтардың ғылымда және қоғамдық сананың басқа формаларында бейнеленуі, ол тарихи және теориялық алғышарттарға, рухани қызметке сүйенеді.

Мораль немесе адамгершіліктік сана – адамдар өздерінің мінез-құлықтарында басшылыққа алатын, олардың бірін – біріне, қоғамдастықтың әртүрлі формаларына қатынасын білдіретін принциптердің, ережелердің, нормалардың жиынтығы.

Моральдың пайда болуы туралы бірнеше концепциялар бар:

- ❖ **Діни** түсінік бойынша, адамгершілік заң адамға сырттан, құдайдан беріледі.
- ❖ **Эмпирикалық** концепция адамның, оның тәжірибесінің, тарихының дамуының, әдет-ғұрыптары мен дәстүрлерінің қалыптасуының жемісі деп түсіндіріледі.
- ❖ **Автономдық** концепция бойынша мораль адамға әуелден, генетикалық деңгейде берілген, сондықтан ол салыстырмалы түрде өзгеріске көп ұшырамайды және адамдардың индивидуальдік сапаларына байланысты әрбір адамда әртүрлі болады.

ӘДЕБИЕТТЕР:

НЕГІЗГІ:

- 1.АНТОЛОГИЯ МИРОВОЙ ФИЛОСОФИИ. В 4-Х. Т. М: МЫСЛЬ, 1969-1972.
- 2.БАРУЛИН В. С. СОЦИАЛЬНАЯ ФИЛОСОФИЯ. М., 2000.
- 3.БЕРДЯЕВ Н. О РАБСТВЕ И СВОБОДЕ ЧЕЛОВЕКА // БЕРДЯЕВ Н. ЦАРСТВО ДУХА И ЦАРСТВО КЕСАРЯ. М., 1995.

ҚОСЫМША:

1. АЛЪЖАНОВА У.К., БЕГАЛИНОВА К.К. ИСТОРИЯ ФИЛОСОФИИ. АЛМАТЫ, 2001.
2. ҒАБИТОВ Т. Х. ФИЛОСОФИЯ АЛМАТЫ, 2005.
3. ӘБШЕВ Қ. ФИЛОСОФИЯ. АЛМАТЫ. 2001
4. БЕГАЛИНОВА К.К. ИСТОРИЯ ВОСТОЧНОЙ ФИЛОСОФИИ. СЕМИПАЛАТИНСК, 2000.
5. МЫРЗАЛЫ С, ФИЛОСОФИЯ. АЛМАТЫ, 2009
- 6.. Ж.АЛТАЙ, А.ҚАСАБЕК, Қ.МҰҚАМБЕТӘЛИ. ФИЛОСОФИЯ ТАРИХЫ. АЛМАТЫ, 1999.
7. СПИРКИН А.Г. ФИЛОСОФИЯ М., 2
8. ТҰРҒЫНБАЕВ Ә. Х. ФИЛОСОФИЯ АЛМАТЫ, 2001.

ПРОБЛЕМАЛЫҚ СҰРАҚТАР

ШКІР-ТАЛАСҚА АРНАЛҒАН

1БОЛМЫС ДЕГЕНІМІЗ НЕ ?

2БОЛМЫС ПЕН БОЛМЫС ЕМЕС АРАҚАТЫНАСЫ

3БОЛМЫС ӘГЫМЫН ФИЛОСОФИЯҒА АЛҒАШ ЕНГІЗГЕН КІМ?

4 ОНТОЛОГИЯ ДЕГЕНІМІЗ НЕ ?

5 ОНТОЛОГИЯНЫҢ НЕГІЗГІ ТҰРАДЫҒЫ АТАҒЫЗ ?

6 БОЛМЫС ЖӘНЕ БОЛМЫС ЕМЕС МӘСЕЛЕСІ ТУРАСЫНДА НЕ ӘКІТІМІЗ ?

7АДАМ БОЛМЫСЫНЫҢ ӘЗІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ НЕДЕ ?

Назарларыңызға рахмет!!!